



БЕКІТЕМІН

«Ақтілек»

балабақшасының директоры

«29» 08. 2025ж

«Ақтілек» балабақшасының ДАМУ ЖОСПАРЫ

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 31 тамыздағы № 273 бұйрығын негізге алып құрылған

I БӨЛІМ

ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ

Бағдарламаның атауы	«Ақтілек» жекеменшік балабақшасының даму жоспары
Бағдарламаның әзірлеудің негіздемесі	- «Ақтілек» жекеменшік балабақшасының дамыту бағдарламасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 31 тамыздағы № 273 бұйрығымен -ҚР Конституциясы, -«ҚР – ндағы бала құқықтары туралы» Заңдары, -«Білім туралы» ҚР-ның 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы, -«ҚР-дағы тіл туралы» ҚР-ның 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 Заңы, -«Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары -«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы -Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі -Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты -Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9

	қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары -Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы -Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары -Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің,оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы -«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдары, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандару нормаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы, «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 22 шілдедегі №355 бұйрығы, Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу қағидаларын.... Мектепке дейінгі ұйымдардың локальды (жергілікті) актілері (жарғы, Ішкі тәртіп ережелері және басқалары) пайдаланылды.
--	---

Бағдарлама төлқұжатына мынандай тараулар кіреді:	- Білім беру мекемесінің төлқұжаты - МДҰ-ның қазіргі жағдайын талдау. - Жаңа басқару үлгісін енгізу арқылы басқару қызметінің тиімділігін арттыру бойынша іс-шаралар тізбесі. - Біздің өз дамуымызда бағдарға алатын басты нәтиже-түлектің жеке моделі. - МДҰ-ғы жасалған жұмыстар. - Жаңа үлгідегі тәрбиешінің жеке тұлғасы - МДҰ даму кезеңдері және олардың сипаттамасы - Деңгейде күтілетін соңғы нәтижелер - Дамыту бағдарламасын іске асырудың мүмкін болатын қиындықтар мен оларды жоюдың жолдары
Балабақша миссиясы	- Жахандану үдерісін қабылдауға қабілетті, жоғары мәдениетті, зерделі, білімді тұлға қалыптастыру.
Бағдарламаның мақсаты	-Педагог мамандардың жаңаша кәсіби ойлауын қалыптастыру, әлуметтік ортада балабақшаның білім сапасын арттыру және бәсекеге қабілеттілігін дамыту, қазіргі заман талабына сай әлеуметтік бейімделе алатын, үнемі білім алуға және алған білімін кеңейтуге ұмтылатын, адамгершілік мол ұрпақ тәрбиелеу үшін-білім беру ортасын құру
Бағдарламаның міндеті:	-Отандық дамытушы құралдарымен ауыз екі және байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. -балалардың еркін түрде шығармашылық іс-әрекетін дамыту, эстетикалық талғамын шыңдау. -қоғамда өзін-өзі ұстай білудің адамгершілік және мінез-құлық нормаларын менгертіп, «Ұлттық мәдениет» жайлы түсініктерін кеңейту

Жүзеге асыру мерзімі	2025-2029 ж ж
Өзекті идеясы:	«Тәрбие тал бесіктен»
Мақсаткерлігі:	Балалық шақтың құндылықтарын; таңдануды, сенімді, қарым – қатынас жасауды сақтау.
Жетекші функциясы:	бүлдіршіннің жеке тұлғасын әлеуметтендіру
Біздің құндылықтар:	Балалар, отбасы, денсаулық.
Біздің ұстанымдар:	- адамгершілік; - балалар, ата – аналар, педагогтардың құқықтарын құрметтеу; - балаларға деген сүйіспеншілік; - сенім; - мейірімділік; - Бірге қуанып – күйінушілік пен ынтымақтастық; - Табысқа қарай ұмтылушылық;
Бағдарламаның жүзеге асырылуының күтілетін нәтижесі	Білім берудегі басқарудың сапасы артады. Материалдық база нығаяды. Педагог қызметкердің біліктігі артады. Басқа мекемелермен қарым-қатынас серіктестік жұмыстар нығаяды
Қаржыландыру көздері	

1.1 БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІНІҢ ТӨЛ ҚҰЖАТЫ

II БӨЛІМ

БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІНІҢ ТӨЛ ҚҰЖАТЫ

I. Мектепке дейінгі ұйымның жалпы сипаттамасы

Ұйымның атауы: «Актілек» жекеменшік балабақшасы

Мекен жай: Батыр селосы Шерқала/9

Заңды тұлғаның байланыс деректері:

Телефон / факс: 87789388914

Электронды почта: aktilek-balabakshasi@mail.ru

Веб-сайт: <https://Aktilek-balabaksha.kz/>

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері :87789388914

Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (МДҰ Жарғысы):

Рұқсат беру құжаттары (МДҰ қызметінің басталуы туралы хабарлама):

Ұйым түрі: Балабақша

Меншік нысаны: жеке

Пайдалануға берілген жылы: 2019 жыл

Оқу тілі:қазақ

Топтар саны: 3

Тәрбиеленушілер саны: 70

1.2 МДҰ-ның қазіргі жағдайын талдау.

№	Күшті жақтары	
1	Мектепке дейінгі ұйым ұжымында не нәрсе жақсы ұйымдастырылуы мүмкін?	«Ақтілек» жекеменшік балабақшасының жоспарланған іс-шаралар жақсы ұйымдастырылады
2	Мектепке дейінгі ұйымның ұжымы неге сенімді болуы мүмкін?	«Ақтілек» жекеменшік балабақшасының педагогтар басқа да қызметкерлер, тәрбиеленушілер ұжымның алдына қойған міндетінің айқын болуына сенімді.
3	Біз нені бағалаймыз?	Сапалы білім мен саналы тәрбие беру қызметі
4	Нені сақтап қалу қажет?	«Ақтілек» жекеменшік балабақшасының болашақтағы бейнесін дамытатын іс-қимыл үлгісі
Әлсіз жақтары		
5	Мектепке дейінгі ұйымға не жетіспейді?	-Педагогтардың санатын көбейту; -Педагогтарды қайта даярлау курстарымен толықтай қамтамасыз ету.
6	Біз әлі не істей алмаймыз?	Шығармашылық, инновация және технологияларды талдау
7	Мектепке дейінгі ұйым түлектерінің әлсіздігі неде?	Зияткерлік дамуы
8	Біз неден бас тартуымыз керек?	Педагогтардың бір бөлігінің білім беру үдерісін ұйымдастырудың инновациялық формаларын қабылдамауы
Мүмкіндіктер		

9	Мектепке дейінгі ұйымның сыртқы ортасымен қарым-қатынасы қалай қалыптасады?	Әлеуметтік серіктестіктермен өзара іс-қимыл үлгісі
10	Бізге кім көмек және қолдау көрсете алады?	Әлеуметтік серіктестер, балалардың ата-аналары (заңды өкілдері)
11	Қандай жағдайларда бұл мүмкін	«Ақтілек» жекеменшік балабақшасының қамқоршылық кеңесінің жұмысы арқылы
12	Қауіптер	жоқ

1.3 Жаңа басқару үлгісін енгізу арқылы балабақшаның басқару қызметінің тиімділігін арттыру бойынша іс-шаралар тізбесі.

Іс-шаралардың мазмұны және негізгі жұмыстар	Мерзімдер			Күтілетін нәтижелер	жауаптылар
	2025-2026	2026-2027	2028-2029		
1	2	3	4	5	6
«Ақтілек» жекеменшік балабақшасының ата-аналары, әлеумет, педагогикалық ұжым арасындағы ынтымақтастықты дамыту арқылы басқарудың жаңа үлгісін әзірлеу	+	+	+	Басқару қызметінің тиімділігін арттыру	Директор, әдіскер

Өлшемшерттар тізбесін қарау және ұжымдық шартты бекіту	+		+	Қызметкерлердің жалпы жиналысында қарау	Директор,
Педагогтар бірлестіктерінің, қоғам өкілдерінің, қоғамның желісін құру		+		Ұсынылатын білім беру қызметтерінің жоғары сапасы	Директор, әдіскер
МЖМБС талаптарына сәйкес білім беру процесінің сапасын арттыру	+	+	+	Білім беру үдерісінің сапасы МЖМБС талаптарына сәйкес келеді	Директор, әдіскер
«Ақтілек» жекеменшік балабақшасының құрал-саймандары және жабдықтарын уақытында ауыстыру, санитарлық-гигиеналық, санитарлық-эпидемиологиялық режимдерді және күн тәртібін сақтау	+	+	+	Талдау	Директор, әдіскер, шаруашылық меңгерушісі, медбике
«Ақтілек» жекеменшік балабақшасының ағымдағы жөндеу жұмыстарын жасау	+				Директор, Шар.меңгер

Педагогтардың өз педагогикалық және білім беру қызметімен қанағаттанушылық деңгейін анықтау	+	+	+	Талдау	Директор, әдіскер
---	---	---	---	--------	-------------------

«Ақтілек» жекеменшік балабақшасының болашақтағы бейнесі бойынша құндылықтарды, ұсыныстарды анықтау	+	+	+	Талдау	Директор, әдіскер
«Ақтілек» жекеменшік балабақшасының ғимаратына қосымша бейнебақылау орнату.		+	+	Қауіпсіздік жүйесінің жоғары сапасы	Директор, есеп бөлімі, шар.менгер
Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін қолжетімділіктің жеке жағдайларын жасау	+	+	+	Жағдайлар жасалды	Директор
Материалдық-техникалық базаны талдау	+	+	+	Есеп	Директор, Шар.менгер
Басқарудың жаңа үлгісінің тиімділігін бағалау			+	Талдамалық есеп	Директор
Өзін-өзі зерттеу нәтижелілігі. Балабақша қызметі туралы көпшілік алдында баяндама жасау	+	+	+	Өзін-өзі зерттеу нәтижелері туралы жыл сайынғы есеп.	Директор, әдіскер,есепші,шар менг,медбике

1.4 Біздің өз дамуымызда бағдарға алатын басты нәтиже - түлектің жеке тұлғасы моделі.

Түлек жеке тұлғасының бұл моделін жүзеге асыру және іс – тәжірибеде қолдану оған МДҰ педагог тәрбиешілерінің құзіреттілік тәсілі болған жағдайда ғана мүмкін болады.

Бүлдіршіннің даму саласы	Жеке тұлғалық даму индикаторлары
Денелік	Жақсы дене және психологиялық денсаулығы: дамыған денелік қасиеттері, қозғалыстық және мәдени гигиеналық дағдылары, дене және психикалық денсаулықты сақтау тәсілдері туралы білімі бар, өз денсаулығына сергек қарай, валеологиялық білімін іс – тәжірибеде іске асыра және спорттың әртүрлі түрлерімен айналыса біледі
Зияткерлік	МЖББС – на сәйкес жаңа білімде, икемділіктерді дағдыларды меңгеруге деген ұмтылыс, қоршаған орта туралы білім қалыптасқан математикалық түсініктер, тілдік даму дағдылары және бар: бақылау, салыстыру, талдау, қорытынды жасауды, өз ойын, көркем туындылардың, ертегілердің мазмұнына байланысты және дәйекті баяндауды, білімін іс тәжірибеде өздігіне қолдануды, күрделі емес математикалық тапсырмаларды орындауды біледі.
Эстетикалық	Өнердің алуан түрлеріне орнықты қызығушылығы мен эмоциялық сергектілігі, өнер түрлері туралы білім, бейнелеушілік қызметтің қалыптасқан дағдылары бар: қоршаған әдемілікті көре және бағалай, қоршаған дүние туралы өз әсерлерін бейнелеу қызметінде, музыкада, сөз шеберлігінде бейнелей алады, көркемдікті жеткізудің саналуан құралдарын меңгерген.
Өнегелілік	Әртүрлі ұлттардың құрдастарымен қарым – қатынас жасау дағдылары, әртүрлі халықтардың мәдениетіне деген қалыптасқан оның көзқарасы бар: басқа ұлттардың

	балаларын дұрыс қабылдауды басқа халықтардың мәдениетіне құрметпен қарауды біледі, Отанын сүйеді, онымен мақтанады; адал, өзіне – өзі сынмен қарауға, қайырымды болуға тырысады
--	---

1.5 МДҰ-ғы жасалған жұмыстар.

Педагог мамандығының беделін көтеру және олардың сапалық құрамын арттыру	- Педагогтардың өздігінен білім алуының тиімді жүйесін ұйымдастыру: шығармашылық есептер, тұсаукесерлер, шеберлік сыныптары, жас және жаңа бастаушы тәрбиешілердің педагогикалық іс – тәжірибесіндегі зертханалар. - Авторлық бағдарламалар, оқу – әдістемелік материалдар тәрбиешілер мен ата – аналарға арналған ұсатанымдар жұмысшы дәптерлеріне және т. б. әзірлеу.
Материалдық техникалық жарықтандыру	-МДҰ аумағында балаларға арналған дамытушы аймақтарды, сондай – ақ психологиялық жеңілдеу кабинетін және топтарда денсаулық бұрыштарын жасау. - МДҰ – ды жаңа спорттық жабдықтарымен толықтыру. - Топтық және ойын бөлімдеріндегі балалар жиһазы мен ойыншықтарды жаңарту. - Оқу әдістемелік, көркем әдебиет қорын тұрақты жаңартып тұру. - Музыкалық аспаптар сатып алу.

Медициналық және гигиеналық алдын алу:	- Ауа ластануының алдын алуды, үй – жайлардың ауа – жылу режимін ұйымдастыру. - Табиғи және жасанды жарықтандыруға және МДҰ – ды мен санитарлық жай – күйіне қойылатын гигиеналық талаптардың сақтандыруына бақылау жасау. - Балалардың күн режиміне гигиеналық баға беру. - Білім беру үдерісін медициналық бақылау жасау. - Балалар мәзіріне гигиеналық баға беру. Тамақтандыру режимін ұйымдастыру. - Балалар ауруларының алдын алу, гигиенасы тақырыбына ата- аналарға арналған лекциялар мен әңгімелесулерді тұрақты өткізу. -Емдік – алдын алу шараларын тағайындай отырып, әрбір бала денсаулығының жай – күйін туралы қортындылар жасау. - Персоналдың медициналық тексеруден өткізуіне бақылау жасауды жүзеге асыру. - Көктем – күз мезгілінде тұмаумен және ОРВИ – мен ауруды алдын алу жөнінде шаралар кешенін қамтамасыз ету. - Оқу жылына емдік – алдын алу шаралары, балалар мен педагогтардың ауруға шалдығушылығынан сақтандыру бойынша жұқпалы ауруларға қарсы ішкі акциялар жоспарларын жасау.
Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту	- МДҰ – ның білім беру құрылымын: күнтізбелік, тақырыптық жоспарлауды: балаларды оқыту мен тәрбиелендірудің авторлық бағдарламаларын жасау.

	- МДҰ – да психологиялық – педагогикалық қызметтің жұмысын ұйымдастыру. - Психологтің педагогикалық кеңестер мен тренингтеріне қатысу. - Балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша авторлық оқу – әдістемелік кешендері мен жұмысшы дәптерлерін әзірлеу. - Педагогтар жұмысын технологиялау: балаларды оқыту мен тәрбиелеудің тиімді әдістемелеріне оқыту және олардың әрбір тәрбиесін іс – тәжірибесіне енгізу. - Білім беру үдерісін технологиялау: балаларды ерте жастан бейімдей, проблемалық, дамытушы, жобалық оқыту технологияларын енгізу. - Білім беру үдерісінің сапасын қамтамасыз етуде психологиялық –педагогикалық көмекті жетілдіру. - Жалпы дамытушы ойындарды бес дағды бойынша жүргізу. - Педагогтардың бала дамуының білім берушілік мониторингін жасауы және оларды іс тәжірибесінде сынап көруі.
Ағартушылық тәрбие жұмысы	- Тәрбие жұмысының мазмұнын жаңарту. - Балалардың аудандық, облыстық балалар конкурстарына, іс – шараларына, жарыстарына қатысуы. - Балалар шығармашылық жұмыстарының көрмелерін ұйымдастыру: суреттер, плакаттар бұйымдар, жобалар және т. б.

- | | |
|--|---|
| | <ul style="list-style-type: none">- Балалардың шағын және мобильді кітапханасын жасау.- Қосымша білім беру қызметтерін енгізу: балалардың қуыршақ және драма театрлары, фольклорлық аспаптық ансамбль, хореографиялық топ пен бейнелеу студиясы және т.б.- Ата – аналармен бірге балалардың дамуын серпінді бақылаулар жасаудың нәтижелерін талқылау мен тұрақты талдау жасауды жүргізу.- Балалардың жол – көлікті жарақаттанушылығының алдын алу жөніндегі бағдарламаны іске асыру. |
|--|---|

Дене шынықтыру – сауықтырушылық жұмысы	- Білім беру үдерісіне жұмыстың «Денсаулық күні» дене шынықтыру минуты, валеологиялық кідіріс, таңертеңгілік бой жазу, қозғалғыштық минут, спорттық сағат сияқты формаларын енгізу. - Ата – аналардың қатысуымен спорттық жарыстар мен дене шынықтыру мерекелерін өткізу: «Сен – епті, күшті, батылсың» , «Біреуі бәрі, бәрі біреуі үшін», «Мама, папа, мен – спорттық отбасы» және т.б. - «Денсаулық» журналын шығару. - Балалар денсаулығы сапалық бағалау бойынша мәдениеттердің компьютерлік базасын қалыптастыру. - Балалар денсаулығының Төлқұжатын жүргізу. - Денсаулық сақтаушы инновациялық технологияларды: «Балалар хатта – йогасы», «Балалар кинезиологиясын» (ақыл - ой гимнастикасы) және т.б. зерттеулер және енгізу.
--	---

Ата – аналармен жұмыс	- Ата – аналар комитетінің жұмысын қалыптастыру. - Қамқоршылар кеңесінің жұмысын жандандыру. - Топтарда ата – аналар жиналысын өткізу. - Ашық конференциялар мен семинарлар: «Балаларды ерте жастан жаңа ұжымға бейімдеу проблемасы», «егер отбасында асқан белсенді бала өсіп келе жатқан болса», «Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке тұлғалық даму индикаторлары», «Бүгінгі күнгі баланың жеке тұлғасын әлеуметтендіру проблемасы» және т.б. - Балаларды тәрбиелеудің өзекті тақырыптарына арналған лекторийлер, кинолекторийлер. - Балалардың, ата – аналардың, педагогтардың қатысуымен бірлескен «Отбасы күні», «Анамның күні», «Наурызды қарсы аламыз», «Достық фестивалі» және т.б. мерекелерін ұйымдастыру. - Бірлескен туристік жорықтар, экскурсиялар, конкурстар. - Ата – аналарға арналған ақпараттық – сабағаттық пункттің жұмысын ұйымдастыру. - Психологтің кездесулері мен кеңестер беруі. - Ата – аналармен бірге бала жеке тұлғасының дамуына серпіндік бақылаулар жасаудың нәтижелерін талқылау мен талдау жасауды тұрақты жүргізу. - Медициналық қызметкерді ата- аналармен ағартушылық жұмыс жүргізуге тарту. - Ата – аналарды еріктілік жұмысына және оларды балалардың қызығушылықтары бойынша әртүрлі үйірмелерді жүргізуге тарту.
-------------------------------------	--

Сондықтан МДҰ – дағы жұмыс:	- Педагог тәрбиешілердің жеке кәсіптік резервтерін іске асыру кезінде педагогикалық ұжымның қызметі мен қарым – қатынасында бірлікке қол жеткізуге; - Педагог – тәрбиешілерде кәсіптік қатынас байланыс үдерісіне белсенді қатысуға орнықты уәждеме қалыптастыру және көрсетуге; - Педагог – тәрбиешілерде төзімділікке (балаға, әріптесіне, ата – анаға, педагогикалық ағартушылық, мәдени төзімділік пен құрмет) қабілеттілікті қалыптастыруға; - Педагог – тәрбиешілердің кәсіптік құзіреттілігін, ойлау мен қызметінің инновациялық стилін жетілдіруге бағытталған.
------------------------------------	--

Өз дамуымызда әдістемелік қызметте бағдар алатын нәтиже, жаңа үлгідегі педагог – тәрбиешінің жеке тұлғасы.

1.6 Жаңа үлгідегі тәрбиешінің жеке тұлғасы

Жеке тұлғалық қасиеттері	Кәсіптік мәдениеті	Базалық құзіреттер	Басты құзіреттер

Балаларға деген сүйіспеншілік жан дүниесінің дархандығы мен мейірімділігі; жоғарғы өнегелік энтузиазм;	Мектепке дейінгі педагогика, балалар, және жас психологиясы негіздерін,	Жоғары зияты; сыни ойлау; қойылған мақсаттарға қол жеткізу қабілеттілігі; өзіне жауапкершілік қабылдауға дайындық; тәлімгер және сабағатшы рөлінде әрекет ету	Білімге тартылу, кәсіпқойлық және жұмысқа шығармашыл тәсіл; табандылық, өзіне деген сенімділік пен идеяларды шоғырландыру таланты; тіл
--	---	---	--

еңбексүйгіштік; тапсырылған іс үшін жауапкершілік; ұжымшылдық сезімі; бірге күйініп - сүйінушілік	дидактика, балалар физиологиясын білуі; мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің заманауи әдістемелерін, білім беру технологияларын білуі	қабілеттілігі; аса ұстамдылық және мақсатты бағытталғандық; адамдармен достық, жайдары, бірақ іскерлік қатынас; барлық істердегі қадір – қасиет пен жоғары жауапкершілік; шығармашылық және тәуекел ету шеберлігі; сезімділік және қозғалғыштық; жұмыс істеуге жоғары қабілеттілік, үздік болуға және бәрін ең жақсы етіп орындауға үнемі ұмтылушылық; өзін – өзі басқару қабілеті; жеке құндылықтарының ақылға сыйымды жүйесі; айқын мақсаттары; үнемі жеке тұлғалық өсуге ұмтылушылық; проблемаларды шешудегі дағдылар мен табандылық; инновацияларға қабілеттілік және өнертапқыштық	табысушылық пен табыс сезімі; эмоциялық теңгерімділік пен түңілуге орнықтылық; ашықтық, өтіп жатқан өзгерістерге икемділік, бейімделгіштік; жағдаяттық көшбасшылық, өзін – өзі дамытуға және өзін – өзі ұйымдастыруға деген ішкі қажеттілік; жұмыс пен қабылданған шешім үшін жауапкершілік; ұжымда және ұжыммен жұмыс істеуді қажетсіну; өзінің жеке құндылықтарын анықтау шеберлігі; өзін – өзі дамытуға және проблемаларды тез және тиімді шешу қабілеттілігі
---	---	---	--

1.7 Деңгейде күтілетін соңғы нәтижелер

балаларда	педагогтарда	ата – аналарда	әлеуметте
Жеке тұлғалық мәдениетінің дамуы; Дене, зияткерлік,	- кәсіптік құзіреттіліктің артуы; - педагогтар мен	- ата – аналардың балаларды ерте жастан бастап оқыту мен тәрбиелеу	- әлеумет өкілдерінің МДҰ – ның балаларды оқыту мен тәрбиелеу бойынша қызмеіне

шығармашылық әлеуетті айқындау және дамыту; Салауатты өмір салты басымдығының артуы; Балалардың моральдық – психоллогиялық, дене және рухани саулығын нығайту, олардың қатынас – байланыстық қабілеттерін дамыту, әрбір баланың жеке тұлғасын өнегелілік және эстетикалық жағынан жетілдіру; Танымдық және шығармашылық қызметте балалардың дербестігі мен белсенділік деңгейін арттыру; Балалардың әртүрлі конкурстарға, жарыстарға, көрмелер мен фестивальдарға қатысуының сәттілігі; Балалардың мектепке жеке тұлғалық дайындығын қамтамасыз ету	қызметкерлердің әлеумет балаларын сапалы оқыту мен тәрбиелеуге мүдделілігі; - педагогтардың мектеп жасына дейінгі балалардың дене, өнегелілік, рухани және әлеуметтік саулығына қол жеткізуге бағытталуы; - әрбір педагогтің жеке педагогикалық стилінің қалыптасқандығы; - педагогтардың конференцияларға, конкурстарға, көрмелерге, фестивальдарға ойдағыдай қатысуы, - жұртшылықтың назарын МДҰ жұмысының тәжірибесіне, оңтайлы білім беру үдерісін жетілдіру үшін материалдық – техникалық мүмкіндіктерді кеңейтуге аудару	мәселеріндегі құзіреттілігінің жақсаруы, - ата – аналардың балалық шақ, салауатты өмір салтының, балалармен қарым – қатынастарда субъект – субъектілік өзара әрекеттестіктің басымдылықтарын мойындауы; - ата – аналардың МДҰ – ның балаларды оқыту мен тәрбиелеу жөніндегі қызметіне қолдау жасауы; - ата – аналардың инновациялық үлгідегі замаанауи МДҰ моделін жасау мен дамуын басқаруға белсене қатысуы.	қолдау жасауы; - әлеумет тұрғындарының мектепке дейінгі педагогика мәселеріндегі құзіреттілігінің артуы; - бабалық шақ, салауатты өмір салтының, балалармен қарым – қатынастардағы субъект – субъектілік өзара әрекеттестіктің басымдылықтарын мойындау, - әлеумет тұрғындарының инновациялық үлгідегі заманауи МДҰ моделін жасау мен дамытуға белсене қатысуы; - МДҰ – ның кенттегі жоғары рейтингі.
---	--	---	---

1.8 Дамыту Бағдарламасын іске асырудың мүмкін болатын қиындықтары мен оларды жоюдың жолдары.

Мүмкін болатын қиындықтар (қиындықтар)	Оларды жою жолдары
МДҰ – ның инновациялық қызметті іске асыруға үстірт қарауы	МДҰ – ның мектеп жасына дейінгі заманауи балаларды тәрбиелеу мен оқыту саласындағы қызметін ынталандыру және инновациялық қызметі нәтижелерін алуға нұсқауларды қалыптастыру
Педагогтардың бір бөлігінің білім беру үдерісін ұйымдастырудың инновациялық формаларын қабылдамауы	Педагогтардың инновацияларға дайындық проблемасын өзектендіру, педагогтармен ағартушылық жұмыс, педагогтарды біліктілікті арттыру курстарында және МДҰ ішінде оқыту, педагогтарға әдістемелік қолдау жасау.
Бюджеттік қаржыландырудың жеткіліксіздігі	Қосымша қаражаттар іздестіру, демеушілердің қаржыларын тарту, әлеумет тұрғындарына ақылы қосымша білім беру қызметтерін ұсыну.

